

ТРОТИЛ ИІСІНЕН ТАЙСАЛМАЙТЫНДАР

Алматы қаласының іргесіндегі Қараой елді мекенінде шекарашы кинологтардың халықаралық жарысы өтті. 16-18 маусым аралығында өткен аламанды өткізудегі мақсат есірткі, жарылғыш заттарды табуға машықтандырылған иттердің иісшілдігін сарапқа салу. Кинологтардың бір-бірімен тәжірибе алмасуларына мүмкіндік жасау.

Сонымен, ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының аумағында өткен сайыстың бірінші күні жарысқа қатысуға ниет білдірген елдерден келген командаларды таныстырудан басталды. Айту керек, бүгінгі сайыс «BOMCA» – Орталық Азияда шекараларды басқаруға жәрдемдесу бағдарламасы аясында осымен екінші мәрте ұйымдастырылып жатыр екен. оның бірінші кезеңі биылғы жылдың сәуір айында Қырғыз елінде өткізіліпті. Ол кезде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерінің кинолог мамандары есірткі заттарын іздеудің қыры мен сырларын көрсетуге тиіс болатын. Ал, біздің елімізде өтіп жатқан сайыста командалар жарылғыш заттарды табумен бірге әділқазылар алқасының назарына өздеріне бекітілген қызмет иттерінің «тәртібін» паш етеді.

...Ашылу салтанатынан кейін командалар «жұқсалғыштар» мен ғимараттарға жасырылған жарылғыш заттарды іздеуге кірісті. Ал екінші күні автосынаққа кезек берілді. Бұл жерде қаз-қатар етіп қойылған көліктер де «осал» емес, шулы қаланың газы мен шаңына, жанар-жағармайдың

иісіне әбден бөккен. Сондықтан, иттерге темір тұлпарлардың ең қиын деген жерлеріне жасырылған жарылғыш заттарды табу оңай бола қоймайды. Есесіне, өздерінің арам ойларын іштеріне бүккен қылмыскерлер де дәл осыған үміт артады – жасыратын заттарын өткір иістердің астына жасырып қалуға тырысады. Не істемейді десеңізші?! Шекарадан алып өтуге қатаң тыйым салынған заттарды кейде кофе немесе аяқ киім кремдерінің арасына тығып жібереді, кейде үстіне иіссу немесе басқа да иісі күшті заттарды сеуіп тастайды. Бірақ иісшілдігі керемет дамыған қызмет иттерін мұнымен алдау мүмкін емес.

– Бүгін халықаралық жарыс ережелеріне сәйкес, нағыз жарылғыш заттар пайдаланылады. Тек, мөлшері аздау, бұл да командаларға берілген тапсырманы қиындата түседі, – дейді ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасы бастығының орынбасары – штаб бастығы подполковник Қуаныш Түменбаев. Бес елдің ең мықты деген кинологтары мен олардың қызметтік иттері бұл қиындықты да еңсереді деген ойдамыз.



Жалпы, «BOMCA» – Орталық Азияда шекараларды басқаруға жәрдемдесу бағдарламасы аясында ұйымдастырылған турнирдің жоғары деңгейде өтуіне біз жауапты болғандықтан, оқу материалдарын дайындаудан бастап, барлығын қамтуға тырыстық. Шекара қызметінің атынан түскелі тұрған командаға да тек қана «сен тұр, мен атайын» дейтіндер іріктелді. Сондықтан жеңіске қалай да жететінімізге сенімдіміз.

Айтпақшы, өзі де солай болғанын, үш күнге созылған жарыстың өзі де дәлелдеп берген. Ә-дегеннен-ақ, біздің команда мен ҰҚК «А» қызметі суырылып алға шыққан. Сосын Тәжік еліндегі әріптес шекарашылар мықтылық танытқан.

Осылайша, «Время» газетіндегі әріптесіміз Юлия Зенг «Экстрасенстер сайысы» деп баға берген тартыстан тек мықтылардың мықтысы ғана жеңіске жеткен. Тіпті, үшінші күнге

белгіленген номинация кезінде де кейбір иттердің қожайыны берген бұйрыққа қалтқысыз бағынбай, төмен баға қойылғанының куәсіне айналдық. Есесіне, ҰҚК Шекара қызметінің атынан өнер көрсеткен команда мүшелерінің бірі Ерқабыл Құсайынов пен төрт аяқты досы Сурфат қай жағынан да жаңылған жоқ еді. Сондықтан, біздің шекарашы халықаралық жарыстың абсолюттік чемпионы атанып, өзі қызмет ететін басқарманың атауын аспанға бір-ақ шығарған.

Сонымен, 1-ші орын – ҚР ҰҚК ШҚ Қызметтік кинология басқармасы, 2-ші орын – ҚР ҰҚК «А» қызметі, 3-ші орын – Тәжікстан командасының қанжығасына байланды. Әр номинация бойынша жеңімпаз болып танылғандар – ұйымдастырушылардың сертификаты және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Лейтенант
А. КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА.



«АҚСАҚАЛ-ДЫҢ»
ҚАҺАРМАН
ҚЫЗМЕТІ

3



БІЛІММЕН
ҚАРУЛАНҒАН

5



МАҚТАНЫШҚА
ТОЛЫ
МЕРЕЙЛІ
БЕЛЕС

6

БИЛІК ӨКІЛДЕРІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

2025 жылғы 13-14 маусым аралығында ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Сайфоллақызы Құспан, депутаттар, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-майор Ерлан Ерғалиұлы Алдажұманов және Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Аманұлы Сақтағанов ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаментінің шекара бөлімшелеріне жұмыс сапарымен барды.

Делегация сапар барысында Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының Р.Батрканов атындағы, «Өрел» шекара бөлімшелеріне және «Алтай» шекара бөлімінің «Үбі» шекара бөлімшелерінде болып шекарашылардың күнделікті жұмыс барысымен, олардың қызметтік және тұрмыстық жағдайымен танысты. Шекарашылардың жоғары кәсіби дайындық деңгейі мен қызметке деген жауапкершілігі делегация мүшелері тарапынан оң бағасын алды. ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Сайфоллақызы шекара қызметінің мемлекеттік

қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шешуші рөлін ерекше атап өтіп, шекарадағы сарбаздар мен офицерлердің еңбегіне ризашылық білдірді.

Сапар барысында шекаралық инфрақұрылымға қатысты бірқатар өзекті мәселелер көтерілді. Көптеген шекара заставалары әлі күнге дейін 1980 жылдары салынған ескі ғимараттарда орналасқан. Бұл нысандардың қазіргі техникалық жай-күйі заман талабына сай келмейді. Электр қуатының тұрақсыздығы, көлік қатынасының қиындығы, сенімді байланыс пен заманауи бақылау құралдарының жетіспеуі — шекарашылардың қызметіне айтар-



лықтай кедергі келтіріп отырған жайттардың бірі.

Делегация құрамындағы өкілдер «Үбі» шекара бөлімшесіне де барып, мұнда құрылысы аяқталмаған нысандардың жай-күйін зерделеп, құрылыс жұмыстарының тоқтап қалу себептерін талқылады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Садықов Бауыржан Ерсаинович өз баяндамасында шекара бөлімшелеріндегі проблемалардың және шекара инфрақұрылымының мемлекет қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі заманның қауіп-қатерлеріне тиімді қарсы тұру үшін

шекара бөлімшелерін жаңғырту ғана емес, оларды заманауи технологиялармен жабдықтау аса маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірлескен күшімен жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік шекара — бұл жай ғана аумақтық сызық емес, бұл — егемендік пен тәуелсіздіктің шын мәніндегі шебі. Ол жердегі қызмет — нағыз жауапкершілік пен табандылықты қажет ететін күрделі міндет. Сондықтан да шекарашылардың тұрмыс-тіршілігін жақсарту, қауіпсіз және тиімді қызмет атқаруына жағдай жасау — бүкіл елдің мүддесіне ортақ іс.

Бұл сапар шығыстағы шекара мәселелерінің нақты шешім-

дерін айқындауға, сондай-ақ қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған нақты іс-шаралар мен бастамалардың бастамасы болмақ. Алдағы уақытта бөлінетін қаржыландыру нәтижесінде шығыстағы шекара бөлімшелерінің инфрақұрылымы жаңартылып, заман талабына сай техникалық жарақтандырылуы қамтамасыз етіледі. Бұл тек шекарашылар үшін емес, бүкіл мемлекет үшін үлкен жетістік болмақ.



Майор
Ғ. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ЖАҒДАЙМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы келді. Сапар мақсаты — мемлекеттік шекараны қорғау ісінің жай-күйімен танысып, шекара басқармалары мен бөлімшелерінің қазіргі ахуалын көзбен көру, шекарашылардың қызметтік және тұрмыстық жағдайын бағамдау.

Вице-министрмен бірге аталған сапар барысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Гани Абдрасулович Бекмурзаев жүріп, барлық шекаралық құрылымдарды таныстырып, олардың қызмет бағыты мен ерекшеліктері жөнінде жан-жақты мәлімет берді.

Іссапар аясында Абзал Бейсенбекұлы Жамбыл, Меркі және Қордай аудандары бойынша шекара басқармаларына қарасты бірқатар шекара бөлімшелерінде болды. Ол шекара нарядтарының күнделікті қызметімен, инженерлік-техникалық жабдықталуымен, шекаралық инфрақұрылымдармен және байланыс құралдарымен танысты. Сонымен қатар, жеке құрамның жауынгерлік әзірлігіне, тәртіпке және әскери дайындық деңгейіне баса назар аударды.



Кездесу барысында вице-министр шекарашылардың ел шебіндегі айрықша жауапты міндетін атап өтіп, мемлекет тарапынан шекара қызметін дамытуға барлық жағдай жасалып жатқанын айтты. Ол: «Мемлекеттік шекара — Тәуелсіздігіміздің тірегі. Шекараны қорғау — әр сарбаздың ғана емес, күллі ұлттың борышы. Сіздердің қызметтеріңіз — ел қауіпсіздігінің айнасы», — деді.

Сапар соңында Абзал Бейсенбекұлы жеке құраммен жүздесіп, сарбаздардың тыныс-тіршілігіне қатысты ұсыныстар мен тілектерді тыңдады. Әскери бөлімдердің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту, шекара инфрақұрылымын жаңғырту, әскери қызметкерлердің әлеуметтік тұрмысын көтеру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Бұл сапар — тек бақылау немесе танысу емес, шекарадағы қызметтің шынайы бет-бейнесін бағалау әрі алдағы жоспарларды нақтылау мақсатында жасалған маңызды қадам. Ел тыныштығын күзеткен шекарашылардың еңбегі мемлекет назарында екенін дәлелдейтін бұл кездесу — патриоттық рухты арттырып, әскери қызметке деген құрметті тереңдететіні сөзсіз.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.



«АҚСАҚАЛДЫҢ» ҚАҒАРМАН ҚЫЗМЕТІ

Бұл бөлімше еліміздің солтүстік-шығысындағы Бородулиха ауданына қарасты Петропавловка ауылының маңында орналасқан. 2001 жылдың мамыр айынан бастап мемлекеттік шекараны күзетуге кіріскен бөлімше бастапқыда Солтүстік өңірлік басқармаға қараған. Қазіргі таңда бұл бөлімше – Абай облысының шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі тіректердің бірі.

Бөлімшенің инфрақұрылымы заман талабына сай. Мұнда қару-жарақ сақтайтын қоймалар, оқу-жаттығу қалашықтары, автотұрақ, бақылау бекеттері, инженерлік кедергілер мен шекаралық құралдар орнатылған. Бұл – шекараны сенімді күзетуге мүмкіндік беретін маңызды факторлар. Қазіргі уақытта бөлімше штаты толық қамтылған. Олардың барлығы арнайы дайындықтан өткен кәсіби мамандар.

Бөлімшенің негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны күзету, есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз тасымалына тосқауыл қою, шекараны бұзу әрекеттерінің алдын алу, діни-экстремистік топтардың шекара арқылы өтпек болған әрекеттеріне жол бермеу. Бұл бағыттағы жұмыс тек техникалық құралдармен ғана емес, жергілікті халықпен бірлесе отырып атқарылады. Шекара – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз.

Бөлімшенің әскери қызметшілері күнделікті сабақтар мен жаттығулар арқылы кәсіби даярлықтарын арттырып отырады. Теориялық білім мен практикалық машық, физикалық және жауынгерлік дайындық – сарбаздар мен офицерлер үшін басты талап. Бөлімше басшылығы әрбір әскери

қызметшінің білімді, тәртіпті әрі жан-жақты дайын болуына баса назар аударады.

2023 жылы бөлімше сарбаздары Бангладеш елінің бес азаматын шекараны заңсыз кесіп өтпек болған жерінен ұстады. Бұл – шекарашылардың қырағылығы мен кәсібилігінің нақты дәлелі. Мұндай табандылық пен өз ісіне адалдық еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

«Ақсақал» бөлімшесі халықаралық ынтымақтастықты да жоғары деңгейде жүзеге асырып отыр. Ресей Федерациясымен шекаралас 50 шақырымға жуық аумақта бірлескен күзет шаралары, ақпарат алмасу мен өзара әрекеттесу арқылы мемлекеттік шекара сенімді қорғалады. Бұл – көрші мемлекеттер арасындағы сенім мен қауіпсіздіктің көпірі.

Шекара бөлімшесінің бастығы – аға лейтенант Мырзахан Әлішер Нысанұлы. Түркістан облысы, Арыс ауданының тумасы. 2021 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, алғашқы қызметін «Қарағайлы» шекара бөлімшесінде бастаған. Өзінің адалдығы мен біліктілігімен көзге түсіп, 2024 жылы «Ақсақал» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды.

Бөлімше бастығының тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары – лейтенант Жақсылық Төлеужан Ержанұлы. Абай облысы Аягөз ауданы Айғыз ауылында дүниеге келген. 2025 жылы қайта даярлау курсы тәмамдап, қызметін «Қоянбай» шекара бөлімшесінде бастаған. Бүгінде әскери тәртіп пен адамгершілікті үйлестіре отырып, жеке құраммен тығыз жұмыс

Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің тірегі. Бұл ұғымның салмағын жан-тәнімен сезінетін әскери құрылым – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты «Семей» шекара басқармасының «Ақсақал» шекара бөлімшесі.



жүргізіп келеді.

Бөлімше тек шекара күзетумен ғана шектелмейді. Жергілікті елді мекендермен тығыз байланыс орнатып, түрлі әскери-патриоттық іс-шаралар, «Ашық есік» күндері, қайырымдылық акциялары, жастармен кездесу, бірлескен рейдтер ұйымдастырады. Бұл – халық пен шекарашылар арасындағы сенім мен ынтымақтастықты арттыратын маңызды бағыт.

Жастармен жұмыс та – бөлімшенің басым бағыттарының бірі. Мектеп оқушыларына арнап шекара қызметі туралы түсіндіру

жұмыстары жүргізіледі. Әскерге, әсіресе шекара қызметіне деген қызығушылықты арттыру, Отан алдындағы борышты сезіндіру – болашақ патриоттарды тәрбиелеудің бір жолы.

Бөлімше аумағында заманауи техникалар мен құрал-жабдықтар орнатылған. Пилоттық аппараттар, байланыс жүйелері, қызметтік жануарлар – барлығы шекара күзетін жеңілдетіп, тиімді етеді. Бұл – шекара қауіпсіздігінің заманауи стандарттарға сай келуіне сеп.

«Ақсақал» шекара бөлімшесі – Абай облысының қауіпсіздік

айнасы. Бұл бөлімшеде қызмет ету – ел алдындағы борышты абыроймен атқару. Шекара – тек жер мен шекара сызығы емес, ол – Отанның намысы. Осындай жүректі де қайсар әскери қызметшілердің арқасында еліміздің тыныштығы мен бейбіт өмірі қамтамасыз етіліп келеді.



**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**

РУБЕЖ БЕЗОПАСНОСТИ И СПОКОЙСТВИЯ

Государственная граница – это не просто линия на карте. Это символ суверенитета, гарантия безопасности и спокойствия граждан. На страже этой линии, в самом сердце Костанайской области, уверенно выполняет свой долг личный состав пограничного отделения «Акбалшык». Возглавляет подразделение старший лейтенант Мухтар Алекбаев. Основная задача подразделения – круглосуточная охрана государственной границы, контроль въезда и выезда граждан и транспортных средств, противодействие незаконной миграции, контрабанде и иным правонарушениям в пограничной зоне.



Несмотря на кажущуюся рутинность, работа военнослужащих отделения требует высокой концентрации, быстрой реакции и глубокого знания законодательства. Здесь нет права на ошибку – за шлагбаумом начинается уже другая страна.

С первых дней назначения на должность начальника отделения «Акбалшык» Мухтар Алекбаев взял курс на дисциплину, постоянное совершенствование профессиональных навыков личного состава и укрепление взаимодействия с местным населением. Под его руководством внедряются новые методы охраны границы, активно используются технические средства наблюдения и контроля.

Одной из отличительных черт подразделения является его тесная связь с местным сообществом. Пограничники не просто охраняют рубеж, они – активные участники жизни региона. Здесь регулярно проводятся патриотические акции, встречи с молодежью, совместные мероприятия с акиматами и учебными заведениями.

Большое внимание в «Акбалшыке» уделяется военно-патриотическому воспитанию молодежи. В рамках набора в Пограничную академию проводятся профориентационные встречи, разъясняется важность службы на границе и роль пограничника в обеспечении государственной безопасности.

Пограничное отделение «Акбалшык» – это не просто подразделение, это живой организм, состоящий из преданных своему делу людей. Под руководством целеустремленного офицера подразделение уверенно справляется с вызовами времени и вносит достойный вклад в дело охраны государственной границы Республики Казахстан.

**Лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Фото из подразделения границы.**

ДОСТЫҚ ҮШІН БІРЛІК ПЕН БАТЫЛДЫҚ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

1956 жылы құрылған елді мекен бұрын «Дружба» атауымен белгілі болған. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тынысына сәйкес 2016 жылы кент мәртебесінен ауыл деңгейіне өзгеріп, бүгінде ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған «Достық» шекаралық бақылау бөлімшесінің тірек нүктесіне айналып отыр.

«Жоңғар қақпасы» деп аталатын аса маңызды стратегиялық өткелде орналасуы – әскери ұжымды әскери және экономикалық тұрғыдан ерекшелендіреді. Үшарал қаласынан екі жүзге жуық шақырым қашықтықта орналасқан ауыл – халықаралық теміржол мен автокөлік жолы арқылы көршілес мемлекеттермен тікелей байланыстыратын шекара бекеті. Аталған өңір арқылы өтетін адамдар мен жүктерді бақылау – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі тұрғысынан шешуші маңызға ие.

«Достық» шекаралық бақылау бөлімшесі мемлекеттік шекарадан заңсыз тауар айналымының өтпеуін күзетіп, еліміздің тұтастығын сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүрген әскери қызметшілердің абыройлы мекені.

Бөлім басшысы – подполковник Азамат Сүлейменов. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, кәсіби даярлығы мықты офицер ретінде жеке құрамды бір мақсатқа жұмылдырып, тәртіп пен тәрбиеге ерекше мән береді. Орынбасары майор Мағжан Амангелді – жауынгерлік әзірлік пен күнделікті қызметті үйлестіруде жауапкершілікті серік еткен тәжірибелі маман.

Бөлімнің ішінде екі негізгі бақылау пункті – «Теміржол» және «Автокөліктік» шекаралық бақылау бөлімшелері орналасқан.

Қазақстанның оңтүстік шығысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Достық» шекаралық бақылау бөлімі орналасқан. Жалпы Достық ауылы – тарихы тереңде, болашағы жарқын, мемлекеттік шекараны күзетіп тұрған маңызды мекендердің бірі.

«Теміржол» шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы – капитан Жәнібек Еңсеген. Ақтөбе облысында дүниеге келген. Бала кезінен әскери қызметті арман еткен. Бүгінде сол мақсатын абыроймен атқарып жүрген жас офицер. Ол басқаратын ұжымда тәртіп пен талап бірлікте. Кіші бақылаушы ефрейтор Бақытжан Өмірзақов сияқты сарбаздар – шекарадағы күзеттің сенімді тірегі.

«Теміржол» бөлімшесі бастығының орынбасары – капитан Сапарбек Молдияров, ал «Автокөліктік» бақылау бөлімшесін майор Олжас Терлікбаев басқарады. Оның орынбасары – капитан Нұрсұлтан Жақсылық. Бұл офицерлер де өз саласының майталмандары ретінде шекаралық тәртіптің сақталуына үлес қосып келеді.

«Достық» шекаралық бақылау бөлімінің техникалық қамтамасыз етілуі де маңызды орын алады. Бұл бағытта аға сержант Асқар Құдайберген – сенімді қызметкер. 2005 жылдан бері әскери салада еңбек етуде. 2021 жылдан бастап шекара бөлімшесінің аға технигі лауазымына тағайындалып, техникалық жабдықтардың жұмысын қадағалауда зор еңбек сіңіріп келеді.

«Достық» бөлімінде қызмет ететін барлық офицерлер мен сарбаздардың бойындағы қасиет – ортақ. Олардың өмірлік ұстынымдары - Отан алдындағы борыш пен жауынгерлік тәртіп. Бірлігі мен ұйымшылдығы



мықты ұжым шекараны күзетіп қана қоймай, ел ішінде де тәрбие мен тәртіптің үлгісін көрсетіп келеді.

Ауыл тұрғындары мен шекарашылар арасындағы байланыс та бекем. Ауыл мектебі, клуб, балабақша мен аурухана ұжымдарымен түрлі шараларды бірге өткізеді. Себебі, олардың ұстанымдары мен мақсаттары бір. Достық – тек шекаралық ауыл емес, ол ел тыныштығын күзеткен ерлердің мекені, жас ұрпаққа үлгі болар ерліктің ортасы.

«Достық» – атына заты сай, бейбіт өмір

мен шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өңір. Бұл ауылда тұрған, еңбек етіп жатқан әр азаматтың жүрегінде – туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік, Отан алдындағы адалдық, бейбіт өмірге деген берік сенім жатыр. Достық – елдік пен ерліктің тоғысқан нүктесі, Қазақстанның тыныштығын күзетіп тұрған қалқан.

**Журналистер одағының мүшесі
подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекаралық
бақылау бөлімінен.**

ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Шекара қызметінің орны ерекше. Бұл – ел еңсесін тіктейтін, тұтастығын бекемдейтін, тыныштығын сақтайтын айрықша миссия. Осындай қасиетті де ауыр жүктің жауапкершілігін ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» (автомобильді) шекаралық бақылау бөлімі абыроймен атқарып келеді.



2002 жылдан бері еліміз бен Ресей Федерациясының шекарасын сенімді күзетіп келе жатқан бөлім — уақыт сынынан сүрінбей өткен, темірдей тәртіп пен рухани беріктікке сүйенген ұжым. Шекара желісінің бұл бөлігі Мартөк ауданының аумағында, табиғаты күрделі әрі алуан түрлі өңірде орналасқан. Бұл өңірдің табиғи сұлулығы мен күрделілігі – шекарашылар үшін бір жағынан сын болса, екінші жағынан шабыт пен рух береді. Отанды қорғап жүрген әрбір шекарашы үшін бұл өлке – ерліктің сынағы болатын аймақ.

«Жайсан» шекаралық бақылау бөлімі заманауи талаптарға

толық жауап беретін материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген. Қару-жарақ сақтау қоймалары, жаттығу алаңдары, инженерлік бөгеттер мен көлік тұрақтары — бәрі де шекараны сенімді күзетуге бағытталған. Жеке құрам толығымен жасақталған, әрбір жауынгер сертіне берік, ісіне адал. Олар үшін Отан – бәрінен биік.

Қызметтің күнделікті тынысы – оңай шаруа емес. Жауынгерлер түн ұйқысын төрт бөліп, тәуліктің әр сәтінде шекара күзетінде тұрады. Жаяу не атты патрульдеу, заңсыз көші-қон мен контрабанданың жолын кесу — олардың маңдай

терін, темірдей төзімін талап етеді. Әскери шеберлік үнемі жетілдіріліп, теориялық білім мен тәжірибе ұдайы толықтырылып отырады. Физикалық дайындық, тәртіп пен бірлік – табыс кепілі.

Бұл бөлім тек күзет қызметімен шектелмей, жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынас орнатып, азаматтық қоғаммен етене байланыс орнатқан. Мектептерде әскери-патриоттық дәрістер өткізіліп, жас буынның бойында елжандылық қасиетті дарытылуда. Ашық есік күндері мен қайырымдылық акциялары, бірлескен рейдтер – шекарашылардың халықпен біте қайнасып қызмет етіп жатқанын көрсетеді.

Бөлім тізгінін ұстаған Құрманбаев Адилжан Нұрланханұлы мен оның орынбасары майор Шалтыков Асланбек Ибраимұлы — өз саласының майталмандары. Жас болуларына қарамастан, бұл азаматтар — шын мәнінде көшбасшылық қабілеті жоғары, өз ісіне жан-тәнімен берілген азаматтар. Олар тәртіп пен жауапкершілікті өз үлгісімен үйретіп, сарбаздардың рухын көтеріп келеді.

Қазіргі таңда бөлімде бірқатар жетістіктер мен нәтижелі іс-шаралар жүзеге асырылуда. 2024-2025 жылдары ішінде жалпы 432 жедел тапсырма орындалып, көші-қон саласындағы 256 заң бұзушылық анықталған. 71 есірткі затын тасымалдау дерегі тіркеліп, 14 қару-жа-

рақ пен оқ-дәріге қатысты заңсыз әрекет әшкереленген. Бұдан бөлек, 8 тыйым салынған діни әдебиет пен 2 қолдан жасалған құжат, 6 бөгде құжат фактісі анықталды. Сондай-ақ, 21 жағдайда көлік құралдарының VIN-коды сәйкессіздігі, 16 қос азаматтық фактісі тіркелді. 2024 жылдың жауынгерлік іс-қимылының нәтижесін қорытындылауда Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ең үздік шекаралық бақылау бөлімі атанды. Ағымдағы жылдың сәуір айында Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған 29 шетел азаматының әрекеті дер кезінде әшкереленіп, алды алынды. Бұл — шекарашылардың ерен еңбегі мен кәсіби қырағылығының айқын дәлелі. Бөлімнің бұндай айтулы жетістіктері ұшан теңіз, алдағы уақытта да шекарашыларымыз жоғары нәтижелерімен биіктен көрінетініне сенімдіміз.

Әскери техника мен бақылау жүйелерінің мүмкіндіктері жоғары. Түнгі көру құрылғылары, мобильді бақылау кешендері, байланыс мұнаралары мен арнайы бөгеттер — бәрі де шекара бұзушыларға тосқауыл қоюда шешуші рөл атқарады. Осындай заманауи технологиялармен жабдықталу — әскери қызметшілердің тәуліктің кез келген мезгілінде тиімді қызмет атқаруына жол ашады. Сонымен қатар бөлімшенің күнделікті қызметінде әскери қызметшілермен қатар қызметтік иттер де шекара шебін күзетуге өз үлестерін қосуда. Қызметтік иттер де мемлекеттік шекараны, шекара режимін бұзушыларды мүлтіксіз ұстап өздеріне жүктелген міндетті қырағылықпен адал атқаруда.

Заңсыз көші-қон және контрабандамен күресте шекарашылардың батылдығы мен шұғыл шешім қабылдау қабілеті олардың кәсібилігін паш етіп келеді.

Бөлімде нәзік жандылар да ер-азаматтармен иық теңестіре қызмет атқарып келеді. Байланыс, логистика, құжат жүргізу сияқты салаларда олардың еңбегі ерекше. Бұл нәзік жанды әскери қызметшілерінің кәсіби біліктіліктерінің белгісі.

Жастармен жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Мектеп оқушылары мен колледж студенттері үшін танымдық экскурсиялар, әскери техникалармен таныстыру, әскери өмірмен етене байланыс орнату — болашақ Отан қорғаушыларын тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы.

«Мемлекет шекарадан басталады» деген халық даналығы — «Жайсан» шекаралық бақылау бөлімінің басты ұраны іспеттес. Бұл бөлім — тек шекара шебін күзетуді ғана емес, бұл — елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тірек, бұл — ерлік мектебі, бұл — нағыз патриотизмнің ордасы. Мұнда қызмет ету — әрбір әскери қызметші үшін мәртебе әрі Отан алдындағы борыш. Осындай шекаралық бақылау бөлімдері барда — еліміздің шекарасы тас қамалдай берік, ал болашағы — жарқын әрі нық болмақ!



**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.**

АЛҒЫ ШЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ

Қай кезде де өмір мен өлімнің арасы – санаулы сәт. Ұрыс алаңында немесе аяқ астынан туындаған төтенше жағдайда болсын, ең алғашқы әрі шешуші көмек көрсететін адам – санитарлық нұсқаушы екені белгілі. Олар көпшіліктің көзіне түсе бермейді, есесіне, басы ауырып, балтыры сыздаған кез келген жанның қасынан бірінші табылады.

Біз бүгін ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде жас жауынгерлер курсынан өтіп жатқан сарбаздардың жағдайымен танысуды мақсат тұтқан едік. Айту керек, базада үш мамандық түрлері даярланады: байланысшылар, аспаздар және санитарлық нұсқаушылар. Ал үшеуі де ел шебіне аса қажет мамандық. Сондықтан, біз ең алдымен болашақ кіші медицина қызметкерлерінен бастауды жөн көрдік.

...Мұнда оларға сабақты медицина қызметінің капитаны Келбет Қабылова жүргізіп жатыр екен. Әйтсе де, біз куә болған көрініс – теориялық сабақтан гөрі практикаға көбірек ұқсайтын еді. Қолынан немесе басынан жарақат алған адамға алғашқы медициналық көмекті қалай көрсету керек, бұл үшін таңғыш дөкені қалай орайды?... Қысқасы, күні кеше ғана департаменттің далалық оқу полигонынан оралған болашақ санитарлық нұсқаушылар үйренетін нәрселер көп. Осылардың барлығын біз шекара басқармасының медициналық тірегіндегі кабинеттерде суретке түсірдік. Лайықты бағасын беру керек, 2022 жылы ашылып, қолданысқа берілген кабинеттер соңғы үлгідегі далалық ұрыс жағдайындағы медициналық көрнекілік құралдарымен жабдықталған.

– Сарбаздар мұнда жарақат алған адамға алғашқы медициналық көмек көрсетуді, өмірлік маңызды функцияларды – тыныс, жүрек соғысын тексеруді, қан тоқтату,



таңғыш салу, ауыр жағдайда шұғыл эвакуациялауды іске асыруды, сүйек сыну, күйік, улану кезінде қалай әрекет ету керектігін үйренеді, – дейді медицина қызметінің капитаны К.Қабылова.

...Обалы нешік, біздің фототүсірілімге қатысқан болашақ санитарлық нұсқаушылар «жаралыларға» көмек көрсету кезінде тосылып қалған жоқ еді. Өздерінің қимылдары ширақ, осының өзі-ақ олардың мамандықтарын ұнатып үлгергендерін байқатады.

Офицердің айтуынша, курстан өтіп жатқан 80-нен астам сарбаздың ішінен 20-ға жуық жауынгердің арнайы-орта білімі бар. Яғни, олар медициналық колледжді бітіріп, әскерге дипломмен келгендер. Сондай-ақ, курс кезінде «көрсем, білсем» дейтін белсенді сарбаздар да жоқ емес. Олар: қатардағы жауынгерлер: Ж.Базылхан, А.Абдықадыр, А.Балғабай және Т.Заманбектер.

– Санструктор болу – бұл жай ғана дағды емес, бұл – азаматтық және адамгершілік борыш. Әрі-беріден кейін шекара басқармасындағы медицина қызметкерінің шекара бөлімшесіндегі таптырмас көмекшісі. Өйткені, сарбаз қызмет атқару кезінде оқыс жағдайға тап болып, жарақат алған жағдайда алғашқы медициналық көмекті беретін де осы санитарлық нұсқаушы. Сондықтан, біз дәріс кезінде сарбаздарға ең алдымен осыны түсіндіріп, осындай маңызды сәтте не істеу керектігін үйретеміз. Дағдыландырамыз, – деп Келбет Қуанышбекқызы курстың маңыздылығына тоқталуды ұмытқан жоқ..

Осылайша, біздің фотосессиямыз да аяқталған. Өздерінің «рөлдерін» тамаша сомдауға барынша тырысқан сарбаздардың ара-арасында күлкіге ерік берген сәттері де аз болған жоқ. Баламысың деген. Қанша дегенмен, үстеріне шекарашының формасын киіп, Отанының тыныштығын күзетуге ант бергендеріне қарамастан, олар әлі жас. Ал жастық не істетпейді?! Ал мұны біз түсірген суреттер де жасыра алмай қалған..

Иә, алғы шепке дайындық – оқу полигонындағы ауыр жаттығулармен шектелмек емес. Байланысшы, атбегі, мерген, санитарлық нұсқаушы, инженер, жүргізуші, аспаз секілді толып жатқан мамандықтарды да қажет етеді. Бүгінгі мақаламыз – осының айқын дәлелі.

ШЕКАРА АДАМЫ

БІЛІММЕН ҚАРУЛАНҒАН

Шекара асып, біліктілігін көтеріп, тәжірибе алмасу – әсіресе ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының әскери қызметшілері үшін қалыпты нәрсеге айналғалы қашан. Солардың бірі, капитан Дәулет Марсамбаев. Өзі ҰҚК Шекара академиясының 2017 жылғы түлегі.

Айту керек, біздің офицермен сұхбатымыз аяқ астынан өрбіген. Бұған тағы да себепші, өзіміздің ел шебіндегі көзкөрген шекарашылардың бірі, бүгінде аталған басқарманың штабын басқаратын подполковник Қуаныш Түменбаев болатын. Өздерінің жақында өтетін халықаралық деңгейдегі маңызы бар жарысқа дайындалып жатқандарын тілге тиек еткен штаб бастығы сөз арасында екі офицердің Латвия елінде арнайы курстан өтіп келгенін айтып қалған. Әрине, біз елең ете қалдық. Сосын қаузап көрсек, сол екеудің бірі капитан Д.Марсамбаевтың сол жақтан алып қайтқан итінің иісшілдігі арқасында өткен жылы Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының аумағында аса ірі көлемдегі есірткі заты тәркіленіпті...

Иә, бұл оқиға бізге белгілі болатын. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы демнің арасында жұртшылыққа жеткен сондағы оқиға туралы біздің ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің сол кездегі меншікті тілшісі майор Рауан Нұрмет шекарашылардың газетіне майын тамызып тұрып, мақала да жазғаны есте. Енді міне, кинологтар мен өзі секілді ақылды салпаңқұлақтардың беделін бір-ақ сәтте көтеріп тастаған қызмет ітінің тарихы тағы да алдымыздан шыға келмесі бар ма?! Мүлде басқа қырынан. Сондықтан, тілшілік әдетімізбен, алақанымызды «ысқылап»



жіберіп, подполковник Қ.Түменбаевқа өзі айтқан офицер туралы мақала жазғымыз келетінін білдірдік. Сардар сөзге келген жоқ.

Демек, айтылды – орындалды! Санаулы уақыттан соң капитан Д.Марсамбаевпен сұхбаттасу бақытын иеленген жайымыз бар...

...Дәулет дүние есігін Алатау баурайындағы алып шаһарда ашыпты. Мектептен кейін шекарашылардың оқу орнын таңдаған ол аталған академияның кинология факультетін бітіріп шықты. Әрі қарай, жолдамамен қазіргі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына жіберілген жас офицер өзінің алғашқы шекарашылық қызметін осындағы «Ұзынбұлақ» шекара бөлімшесінде бастайды. Осылайша бөлімше бастығының орынбасары болып, екі жылдай

қызмет атқарған соң Дәулет ҰҚК Шекара қызметі директорының бұйрығымен, өзінің әу бастағы мамандығына сай, Қызметтік кинология басқармасына ауыстырылады. Ал мұнда қызметтік иттер мамандарын даярлау бөлімінің есірткі және жарылғыш заттарды іздеу бойынша кинолог мамандарын даярлау бөлімшесі бастығының орынбасары болып тағайындалған офицер өзінің жаңа қызметіне де білек сыбана кіріседі. Арадан жыл өткенде қазіргі қызметіне яғни басқарма штабындағы оқу-әдістемелік бөлімшесінің офицері болып кіріскен Дәулетке енді мүлде басқа міндет жүктелді.

...2022 жыл. Бұл – біздің кейіпкеріміздің жас ғұмырына өз сәулесін қалдырған жыл болатын. «Орталық Азия елдері мен Ауғанстандағы шекараларды басқаруға жәрдемдесу бағдарламасы» бойынша

аталған басқармадан екі офицерге үш айлық курстан өту мүмкіндігі беріледі. Сол екеудің бірі болған Дәулет шілде айында Латвия еліне аттанып кетті. Қыркүйек айына дейін жалғасқан курста ол жарылғыш заттардың қыры мен сырын терең танысып, өзі секілді әлемнің түкпір-түкпірінен келген кинолог мамандармен тәжірибе алмасады. Ал бұл – өз кезегінде Дәулет қызмет атқаратын басқарманың қызмет иттерін даярлау ісіне тигізген көмегі ересен екені айтпаса да түсінікті.

Айтпақшы, Сарыағаштағы «айды аспанға бір-ақ шығарған» қызметтік ит осы курстан «өткен». Ал қалай өткенін енді өзіңіз де бағамдай беріңіз...

Сұхбатымыз осы жерге келгенде біз Дәулеттен тағы да өміріндегі есте қалатын оқиғаларды сұрадық. Бар екен. Ол – 2015 және 2017 жылдары өткен әскери шерудің қатысушысы. Осынау ауқымды шараның қорытындысы бойынша I-II дәрежелі «Шекара қызметінің үздігі» тесбелгісімен марапатталған. Тағы, өткен жылы Тәжікстанға барып, бауырлас елдің кинологтары бас қосқан жиында тренинг өткізіпті.

... Ал бүгін ол маусым айында бес мемлекет арасында өтетін халықаралық шараға дайындалу үстінде. Мұнда ол есірткі және жарылғыш заттар бойынша өзінің білімі мен біліктілігін сарапқа салатын болады. Өйткені, оған өзі қызмет атқаратын басқарма ғана емес, бүкіл Шекара қызметі үміт артады!

Олай болса, капитан Дәулет Масамбаевқа сәттілік тілейміз! Біліммен қаруланған қапы қалмайды.



**Бетті дайындаған
Журналистер
одағының мүшесі
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген автор.**

МАҚТАНЫШҚА ТОЛЫ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕС

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің 25 жылдығына арналған салтанатты іс-шаралар өтті. Түркістан төрінде ерекше салтанатпен өткен мерекелік шара Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен шекара шебін қорғау ісінде ерекше маңызға ие. Биыл ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаменті өзінің 25 жылдық мерейлі межесіне жетті. Осы ширек ғасыр ішінде департамент мемлекет шекарасын қорғау ісінен орасан зор үлес қосып, еліміздің тыныштығы мен тұтастығының кепіліне айналды.

Мерейтойлық шараның басты мақсаты – Шекара қызметінің қоғамдағы рөлін кеңінен насихаттау, тарихи мұраны дәріптеу және жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін ояту. Салтанатты жиын аясында шекарашылар сап түзеп, қызметтік міндеттерін адал атқарған ардагерлер мен үздік әскери қызметшілер марапатталды.

Ағымдағы жылдың 15 маусым күні таңғы 10.00-де басталған салтанатты митинг Департаменттің аумағында өтті. Салтанатты сапқа түзелген шекарашылар алдында сөз сөйлеген департамент бастығы полковник М.Жумадилов жеке құрамға қызметтік адалдық пен ерлік рухын ұран етуді тапсырды. Арнайы ұйымдастырылған эстафеталық топ қазақ-өзбек, қазақ-қырғыз шекараларымен жүріп өтіп, мерейтойлық ту мен эстафета таяғын Департаментке табыстады. Іс-шара барысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі және Қарулы Күштердің өкілдерінің, ардагер шекарашылар мен жергілікті билік өкілдерінің құттықтау сөздері айтылды. Түркістан облысы мен Шымкент қаласының басшылығы – барлығы бір мақсатта, бір мүддеде бас қосты.

Департаменттің 25-жылдығына орай Департамент бастығының бастамасымен «Шекара шебіндегі



ширек ғасыр» атты кітабы шығарылып қонақтарға табысталды. Шекара қызметінің басшылығымен мемлекеттік шекараны күзетудің заманауи техникалық құралдармен қамтамыз ету сұрақтарына үнемі баса назар аударылып отырады. Ол үдіріс бүгінде өз жалғасын тауып, шекара бөлімшелеріне мототехникалық құралдармен жабдықталды. Қару-жарақ көрмесі мен арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимыл бөлімшесінің ар-

найы дайындалған жаттығуларын көрсетті. Отанның күзетінде тұрғандарға арналған мәңгілік құрметтің белгісі «Ардагерлер аллеясы» ашылды. Келешек ұрпаққа жолдау бүгінмен ертеңді және 25 жылдан кейін капсуланы ашатын келешек буынмен байланыс уақыт капсуласы қойылды.

Бүгінде шекара күзеті тек мылтық пен форма ғана емес, бұл – интеллектуалдық күш, за-


манауи технология және жоғары тәртіп. Осы ретте Департамент материалдық-техникалық базаға қойылатын талаптарға сай жабдықталған, бейнебақылау, автоматтандырылған жүйелер, мотожедел топтар мен арнайы дайындық бөлімшелері қызмет етуде.

Кешкі 16.00-де басталған концерттік-көрме орталығындағы мерекелік іс-шарада театрланды-

рылған қойылым, қазақ биі, әндер мен ақ тілекке толы құттықтаулар жалғасын тапты. Кешті «Шымкент концерт» ұйымының әншілері, өнерпаздары өрледі. Концерттік бағдарлама көрерменге ерекше рух пен патриоттық сезім сыйлады.

25 жылдық мерейтой – бұл тек уақыт межесі ғана емес, бұл – адал еңбек, темірдей тәртіп пен Отанға деген сүйіспеншіліктің айғағы. Түркістан облысы бойынша

Шекара қызметінің ұжымы – елдің шетінде емес, төрінде тұрған азаматтар екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.



**Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.**

В ТАНДЕМЕ С ТИНДИ

Сегодня, несмотря на стремительное развитие технологий, собака по-прежнему остается незаменимым помощником стражей государственной границы. Однако хорошие результаты возможны только в тандеме с профессиональным кинологом, который знает и понимает своего четвероногого напарника.



Яркий тому пример – старший инструктор отделения пограничного контроля «Темир баба» (авто) пограничного управления по Каракиянскому району младший сержант Дауырхан Серик. Уже более шести лет он служит кинологом, и за это время заслужил репутацию профессионала своего дела.

Только за 2025 год, совместно со своей служебной собакой по кличке Тинди, он предотвратил три попытки

провоза наркотических веществ через государственную границу.

– Все мои достижения – это результат нашей общей работы с Тинди, – с улыбкой признается Дауырхан, – Чтобы добиться от собаки точного и быстрого выполнения задач, нужно знать ее характер, уметь чувствовать настроение, правильно выстраивать взаимодействие. Собака очень чутко улавливает интонацию и эмоции. Если между инструктором и собакой установлено полное взаимопонимание – она никогда не подведет.

По словам кинолога, настоящая работа начинается не с дрессировки, а с доверия. Именно благодаря этому Дауырхан и Тинди стали настоящей командой.

О профессионализме Дауырхана говорит и его руководство.

– Младший сержант Серик – один из лучших специалистов в нашем отделении. Он ответственно подходит к службе, постоянно совершенствует свои навыки. А главное – он по-настоящему любит свою работу и своего напарника. Это и дает такие высокие результаты, – отметил начальник отделения капитан Нурхан Арипов.

Можно с уверенностью сказать, что Дауырхан нашел свое призвание, а история его дружбы с Тинди – пример безусловного взаимопонимания между человеком и собакой, ежедневно стоящих на страже спокойствия и безопасности нашей Родины.



Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР».
Фото автора.

ВОСПИТАНИЕ ЛЮБВИ К ВОИНСКОЙ СЛУЖБЕ

Село Тлеусай Уалихановского района как одно из тысяч, затерявшихся в бескрайних степях Казахстана объединило под своим крылом более 200 народностей, сплоченных на любви к земле и животноводству. И среди этих трудолюбивых людей несут службу военнослужащие пограничного отделения «Босағаш» Департамента ПС КНБ по СКО. Старшина старший сержант Сабыржан Жунусов – один из них.



Сабыржан Турсунович родился 30 августа 1982 года в селе Жамбыл Кызылтуского района Северо-Казахстанской области. В 1999 году, после окончания 11-го класса средней школы поступил в гуманитарно-технический колледж города Кокшетау на специальность «агроном». Отслужив срочную службу в воинской части

6636 Национальной гвардии г. Астаны, парень возвращается домой и работает по специальности.

Все меняет наступивший 2006 год, когда теплые воспоминания о воинской службе сподвигают Сабыржана Турсуновича подписать свой первый контракт на воинскую службу по контракту. Это решение всецело одобрила и поддержала супруга Гульнур Бакытжановна, с которой наш герой воспитывает 4 детей: сыновей Арлана, Алмата, Амира и красавицу дочь – Дину.

Привыкший работать руками на земле, видеть, как всходят плоды его трудов, Сабыржан Турсунович всегда работал на результат, вкладывая частичку своего сердца в каждое строение, каждый кирпичик, бревнышко, что были установлены на территории пограничного отделения за эти годы. А работа была проделана колоссальная – строительство гаражей, возведение питомников, оборудование складов, всевозможных городков и конечно же обустройство 165 километров линии Государственной границы.

Но не только Государственной границей наполнена жизнь Сабыржана Жунусова. Он активно участвует в общественных культурных и спортивных мероприятиях, проводимых в селе Тлеусай.

В 2024 году по случаю празднования Дня Республики, старший сержант пополнил копилку почестей Почетной грамотой акима Уалихановского района, что является прямым доказательством высокой оценки местного населения вклада военнослужащего пограничного отделения «Босағаш» в дело охраны суверенитета нашей Родины.



Майор Д. УТЕБАЕВА,
«ОС-ЧР».
Фото из личного
архива С. ЖУНУСОВА.

БАТЫРЛЫҚ СӘТІ

2025 жылдың 1 маусымы Алматы қала-сындағы бір қарапайым кештің жоспары күрт өзгерді. Әдеттегі демалыс сәті тосын жағдайға ұласып, сол мезетте азаматтық борыш пен әскери анттың шынайы мәні айқын көрінді. Бұл оқиғаның басты кейіпкері — «Орал» шекара бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Әмірхан Әділет Дулатұлы.

Сол күні шекара қызметінің жас офицері «Қарсы барлау және жедел-іздестіру бағытындағы» бір айлық арнайы курсты тәмамдап жатқан болатын. Алматыдағы Шекара академиясында ұйымдастырылған бұл курс жас офицерлердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған, күрделі жағдайда шешім қабылдау, қауіп-қатерді алдын ала анықтау, жедел әрекет ету дағдыларын жетілдіруді мақсат еткен. Бұл білім мен тәжірибе көп ұзамай шынайы өмірде қажетке жарайтынын ол сол күні түсінді.

Кешкі сағат 19:00 шамасында, Әділет демалыс уақытысында қала шетінде, өзі уақытша тұрып жатқан үйдің маңында сөйілдеп жүрген еді. Кенеттен 200–250 метр қашықтықта қою түтін көтерілгенін байқайды. Әскери көзбен бірден бұл қалыпты жағдай емес екенін аңғарды — түтін тығыз, иісі ауыр, демек, үлкен өрт басталған.

Әдеттегі адамның бойын қорқыныш билеуі мүмкін сәтте, лейтенант Әділет әскери тәртіп пен азаматтық жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Ол бір сәт те ойланбастан түтін шыққан жаққа қарай жүгірді. Барғанда тұрғын үйдің



отқа оранып жатқанын көреді. Жақын маңдағы адамдар өз беттерімен өртті сөндіруге әрекет жасап жатты — бірі шелекпен су тасып, енді бірі құм шашып жатыр. Әділет те бірден іске араласты. Төтенше жағдайларда әрекет етудің нақты алгоритмдерін академияда жаттыққан ол, өз білгенін қолдана отырып, жұмысты үйлестіре бастады.

Көп ұзамай жалын көршілес үйге жайыла бастады. Осы сәтте ол тұрғындармен бірге сол үйден жиһаздар мен тұрмыстық техникаларды шығарып, шығын көлемін азайтуға бар күшін салды. Қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, адамдардың өмірі мен мүлкін қорғауға атсалысты. Қарсы барлау курсы аясында алған психологиялық тұрақтылық пен шұғыл шешім қабылдау тәжірибесі бұл сәтте ерекше қажет болды.

Тұрғындардың арасында үрей байқалғанымен, Әділеттің сабырлы әрекеттері, нақты нұсқаулары мен батыл қимылдары жұртты біріктірді. Оның жетекшілігімен жиналған халық бірлесіп өртпен күресті. Көп ұзамай өрт сөндіру қызметі де келіп жетті. Кәсіби мамандар келген соң, Әділет көмек көрсетуді жалғастырып, өрт толық сөндірілгенше сол жерде болды.

Бұл оқиға әскери қызметтің тек, шекарада ғана емес, ел ішінде де маңызға ие екенін дәлелдеді. Әскери болу — тек бұйрық орындау ғана емес, бұл — кез келген сәтте ел үшін жауапкершілік алып, халыққа қорған болу. Лейтенант Әмірхан Әділет Дулатұлы сол күнгі іс-әрекетімен осы қағиданы айқын көрсетті.

Халқымызда «Нағыз ер — ел басына күн туғанда танылар» деген сөз бар. Әділеттің батыл қадамы, кәсіби дайындығы мен адамгершілігі — жас офицердің тұлғасын айқындайтын шынайы сипаттар. Мұндай азаматтар ел қауіпсіздігінің тірегі ғана емес, қоғам үшін үлгі.



Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Сурет жанұя мұрағатынан.

БРАТСТВО ПОД ФЛАГОМ ОТЧИЗНЫ

Братья родом из Узынькольского района, учились в одной школе. Сабыржан вспоминает, как старший брат водил его в школу, подсказывал, как правильно поступить, как быть сильным и честным. Слово «старший» в их семье всегда означало не просто возраст, а ответственность и опору.

В 2003 году Бауржан ушел служить в армию, попал в авиационную базу в Бурундай в Алматинской области. Вернулся с твердой уверенностью, что будет пограничником. В 2006 году он поступил на службу и начал с должности младшего контролера, прошел разные этапы, а сегодня работает в отделе воспитательной и идеологической работы департамента.

Младший брат Сабыржан к тому времени окончил Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова, получив специальность экономиста. После срочной службы вернулся домой и начал служить там же, где и брат. Сейчас он младший сержант, служит в отделении финансового обеспечения Департамента.

Военная служба стала делом всей их семьи. Жена Бауржана – Жанна Есентемирова также служит в департаменте, в группе медицинского обеспечения. Вместе они воспитывают троих детей.

А вот супруга Сабыржана – Кымбат Амирбе-

В их семье не было военной династии, так как отец – агроном, мать – бухгалтер. Но было главное – пример старшего и уважение младшего. Сегодня двое братьев – Бауржан и Сабыржан Есентемировы служат плечом к плечу в Департаменте Пограничной службы КНБ по Костанайской области.



ковна хранит домашний очаг. Она полностью посвятила себя воспитанию двух детей. И хотя ее форма – это не китель, а материнская забота, ее вклад в службу мужа чувствуется ежедневно.

Вместе двое братьев участвовали в противопожарных мероприятиях. В целом их служба проходит под знаком внутренней поддержки и уважения.

Их дед – Жусупов Есентемир погиб на фронте в годы Великой Отечественной войны. Его имя и судьба навсегда в памяти семьи.

– Пограничная служба – это школа жизни, где каждый день проверяет тебя на верность, выдержку, человечность. И если рядом брат – служба становится не только делом чести, но и делом сердца, – говорят братья.



Лейтенант
Н. САКЕН, «ОС-ЧР».
Фото автора.

АДАЛ ҚЫЗМЕТ ИЕСІ



Мемлекеттік шекараны күзету – төзімділік пен тәртіпті талап ететін жауапты іс. Сержант Алмаз Төлегенов – ел тыныштығы мен мемлекеттік шекараның беріктігін қамтамасыз етіп жүрген абыройлы азаматтардың бірі. Отан алдындағы борышын адал атқарып келе жатқан қызметкер бұл жауапкершілікті терең сезінеді.

Алмаз Тоқтарұлы 1980 жылы Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Тастөбе ауылында дүниеге келген. Балалық шағы туған ауылында өтіп, 1986–1997 жылдары Әкім Тарази атындағы орта мектепте білім алды. Жоғары білімін Тараз қаласындағы «Қазақстанның ақпараттық технологиялар және басқару институтында» жалғастырып, оны 2001 жылы аяқтады.

Әскер қатарында болу – әр азаматтың міндеті. Бұл жолдан Алмаз Тоқтарұлы да қалыс қалмады. 2001–2002 жылдары Алматы қаласында Әуе қорғаныс күштерінің радиотехникалық бөлімінде әскери борышын өтеді.

Қызметтік жолын шекара күзетінен бастаған ол 2010 жылдан бері ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Астана» шекаралық бақылау басқармасында абыроймен еңбек етіп келеді. Қазіргі уақытта бақылаушы лауазымында қызмет атқарады. Өзіне жауапкершілікпен қарап, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі адалдығы мен кәсіби шеберлігі үшін ҰҚК Шекара қызметі Директорының бағалы сыйлығы мен алғыс хаттарына ие болған.

Қырағы шекарашы шекаралық бақылау процестерін жетік меңгерген. Заңсыз әрекеттің алдын алуда жалған немесе бөгде адамның құжатымен өтпек болғандарды және көші-қон заңнамасын бұзғандарды анықтау, қауіпті адамдардың шекарадан өтуіне жол бермеу сияқты күрделі міндеттерді мінсіз атқарып келеді.

Қызмет жолындағы жетістіктерімен қатар, отбасында да үлгілі әке. 2008

жылы Айгүлмен шаңырақ көтеріп, бүгінде 5 бала тәрбиелеп отыр. Жары – Астанада Халыққа қызмет көрсету орталығында жұмыс істейді.

А.Төлегенов – спортқа, әсіресе футбол мен атқа міну өнеріне ерекше қызығушылық танытатын жан. Бұл – бала күнінен жылқы малына жақын өскен азаматтың табиғи бейімділігі.

Оның еңбекқорлығы мен отансүйгіштік қасиеттерінің қалыптасуына марқұм әкесі Тоқтар Төлегеновтің ықпалы зор. Ұлағатты ұстаз, ауыл мектебінің басшысы болған Т.Төлегенов Жамбыл ауданының Құрметті азаматы. Сондай-ақ аудан спортының дамуына сүбелі үлес қосқан тұлға ретінде ел есінде. Анасы Зәуре Жетпісбайқызы 40 жылдай экономика саласында жемісті еңбек еткен, бүгінде құрметті зейнеткер.

Алмаз Төлегенов қырағы шекарашы ретінде өз білімі мен тәжірибесін ұдайы жетілдіріп, бөлімнің жауынгерлік дайындығына белсенді атсалысады. Шекара қызметіндегі әрбір сәт – оны нағыз кәсіби шекарашы ретінде шыңдап келеді.

Шекарашы – ел шебінің шын қорғаушысы. Ал сержант А.Төлегенов – осы ұлы міндеттің үдесінен шығып жүрген адал сарбаз. Оның өмір жолы бүгінгі жастарға ерлік пен сабыр, тәртіп пен табандылықтың үлгісімен жөн сілтеп тұрғандай.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ,
«ОС-ЧР». Сурет шекаралық
бақылау бөлімінен.

СЕНІМДІ САҚШЫ

Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметі – еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің басты кепілі. Осы бір жауапкершілігі зор қызмет саласында ерлік пен еңбек, тәртіп пен төзімділікті өмірлік ұстанымына айналдырған шекарашылар аз емес. Солардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты «Семей» шекара басқармасының «Байтанат» (автомобильді) шекаралық бақылау бөлімшесінің старшинасы аға сержант Марлан Максатұлы Сембинов.

Марлан Сембинов 1994 жылдың 24 шілдесінде тарихи тағылымға бай Семей қаласында дүниеге келген. 2001–2012 жылдар аралығында Зубаир атындағы орта мектепте білім алып, жасөспірім шағынан тәртіпке үйреніп, еңбекқорлықпен ерекшеленді. Білімін тоқтатпай, 2014 жылы Шөкәрім атындағы жоғары колледжіне түсіп, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білімін жалғастырды. Бұл – оның кәсіби және тұлғалық дамуға деген үздіксіз талпынысының көрінісі.

Еліміздің тыныштығын күзетуге деген азаматтық борышын өтеу мақсатында Марлан 2013–2014 жылдары Жетісай қаласындағы №2037 әскери бөлімнің құрамындағы «Тамды» шекара бөлімшесінде мерзімді әскери қызмет атқарды. Жас сарбаз үшін бұл кезең болашақтағы әскери өмір жолының алғашқы баспалдағы болды. Қатал тәртіп пен темірдей талап оны ерте есейтті, жігерін шыңдады.

Мемлекеттік шекара күзетінде Марлан Сембинов 2015 жылдан бастап тұрақты әскери қызметке кірісті. 2015–2018 жылдары «Ақсақал» шекара бөлімшесінде жүргізуші-атқыш, кейін 2018–2020 жылдары бөлімше старшинасы қызметін абыроймен атқарды. Қандай лауазымда болмасын, ол әрдайым шекара қызметінің сапалы және мінсіз орындалуына бар күш-жігерін салды.

2020 жылдан бүгінгі күнге дейін аға сержант Марлан Сембинов «Байтанат» (автомобильді) шекаралық бақылау бөлімшесінің старшинасы лауазымында қызмет етуде. Бұл шекаралық бақылау бекетінің тыныс-тіршілігі, әскери тәртіп, бақылау және ұйымдастыру жұмыстары – бәрі-бәрі осы бір шымыр, тәртіпті, білікті маманның ұдайы назарында. Жас сарбаздарды үйрету, тәртіпке баулу, алдыңғы буынның тәжірибесін жеткізу – оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі.

Әскери қызметтегі үлгілі еңбегі үшін аға сержант Марлан Максатұлы мінсіз қызметі үшін 3-дережелі «Айбын»



орденімен марапатталған. Бұл марапат – шекара күзетінде адал қызмет атқарып жүрген азаматтың елге, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің айғағы. Қарапайымдылығы мен талапшылдығы қатар өрілген офицер бүгінде ұжым арасында ерекше сый-құрметке ие.

Марлан – отбасылы жан. 2016 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде төрт баланың әкесі. Үш ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Жауапты қызметі мен жанұялық тірлікті қатар алып жүрген аға сержант шекарашы офицерге тән сабырлық пен парасаттылықтың жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Аға сержант Марлан Сембиновтың қызметіндегі басты қағидаттары – Отанға адалдық, шекараға қырағылық және қызметке жауапкершілік. Бұл ұстанымдар оны еріптестерінің арасында беделді, ал жас сарбаздардың арасында үлгі тұтарлық тұлға етеді. Ол үшін шекара – жай ғана жұмыс орны емес, бұл – қасиетті борыш. Елі үшін туған азаматтардың арқасында Қазақстан шекарасы әрқашан сенімді қолда.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР». Сурет шекаралық
бақылау бөлімшесінен.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН АДАЛДЫҚ

Талдысай орта мектебіне 1979 жылы оқуға қабылданып, 1989 жылы бітіреді. Отанға қызмет етуге дайындық ретінде 1990 жылы 18 жасында «Армияға, авиацияға және флотқа көмек көрсетуге арналған ерікті қоғамды» бітіріп, сол жылы Германияда орналасқан Кеңес Армиясы батыс тобының қатарында 1992 жылға дейін әскери борышын өтеді. Бұл жылдар оған тәртіп пен шыдамдылықты үйретті.

Әскерден оралған Кайрат 2002 жылға дейін «Щербатов» ЖШС ауыл шаруашылығында жүргізуші болып жұмыс істейді. Кейін оның өмір жолы Шекара қызметінің сапында қызмет етуге бет бұрады. 2003 жылы ол ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қабылданып, «Жамбыл» шекара бөлімшесінде аға жүргізуші, кейін застава старшинасы қызметін атқарады. Бұл – оның шекарашылық өмірінің бастамасы болатын.

Кәсіби шеберлігін арттыру үшін 2005 жылы Алматыдағы прапорщиктер даярлық курсы тәмамдайды. Содан соң оның қызметі техникалық бейімділікпен байланысты болады: алдымен Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Әйтеке би» шекара бөлімшесінде аға техник, содан кейін «Байтұрасай» шекара бөлімшесінде 2012 жылға дейін аға техник болып қызмет етеді. Автокөлік пен техника – шекарадағы қыз-

меттің маңызды бір бөлігі екені айдан анық. Олар жұмысқа жарамсыз болса ешқандай шекара наряды да, қойылған тапсырмалар да жүзеге аспайды. Осындай жауапты саланың маманы бола жүріп, көптеген жетістіктерге қол жеткізген.

Қайраттың сенімділігі мен кәсібилігі 2012 жылы оны «Байтұрасай» шекара бөлімшесінің «автокөлік пен техникалық қамтамасыз ету» бастығы лауазымына дейін көтерді. Бұл қызметте ол 2017 жылдың қазанына дейін, яғни зейнетке шыққанға дейін болады. Бес жыл бойы ол жауаптылығы жоғары бұл лауазымда бөлімшенің техникалық дайындығын қамтамасыз етті.

Зейнетке шыққаннан кейін дарынды шекарашы өзін бос қоймады – бір жыл бойы күзет агенттігінде жұмыс істеді. Бірақ шекараға қызмет етуге деген құштарлық оны қайтадан шекара шебіне алып келді. Қазіргі уақытта Кайрат Тагибергенұлы ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің қызметшісі ретінде қазандықтың операторы болып істейді. Бұл да Отанға сенімді қызмет етудің бір түрі!

К. Жақсыбаевтың өмірі – ауылдан шекараға дейінгі таза, берік жол. Ол тек қана қызметкер емес, шекарадағы күнделікті ерліктің тірі айғағы. Оның өмірі көптеген жас шекарашылар үшін үлгі бола алады. Қазіргі таңда 2019 жылдан бері ҰҚК Шекара

Шекара – Отанымыздың киелі бөлігі. Оны қорғайтындардың әрқайсысының өмірі – Отансүйгіштік пен мінсіз қызметтің тікелей мысалы. Мұндай мысал – Кайрат Тагибергенұлы Жақсыбаевтың Шекара қызметіндегі өмір жолы. 1972 жылы қазан айының 6 жұлдызында Ақтөбе облысының бұрынғы Комсомол қазіргі Әйтеке би ауданы Псковский ауылында дүниеге келген. Кайрат Жақсыбаевтың өмір жолы ауыл шаруашылығынан басталып, Шекара қызметінің әртүрлі бөлімшелеріндегі сенімді қызметпен жалғасты.

қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті тыл бөлімінің штаттан тыс инспекторының қызметін атқарады.

Әр жұмыс күні сағат 08:30 офицерлер құрамы үйінің қазандық операторлық міндетін орындаумен басталады. Жинаған тәжірибенің арқасында офицерлер құрамы үйінің біраз шаруаларын бітіріп жүр.

Жұбайы Карлыға Калиевамен отау құрғандарына 18 жылдан астам уақыт болған. К. Калиева ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті тәрбие және идеологиялық бөлім бастығының көмекші лауазымында жұмыс жасайды. Отбасында үш ұлды тәрбиелеп отыр.

Ауыз толтырып айтарлықтай Кайрат Тагибергенұлының Шекара қызметінің шекарашыларына тигізіп жүрген пайдасы ұшан теңіз. Қандай да әскери қызметші болмасын барлығының үй-жайларының жылы болуына жауап беріп жүр. Жауапкершілігі мен еңбекқорлығына алғысымызды білдіреміз.

**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**



МІНСІЗ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Әр ұжымда қарапайым да, тыныш әрі үлгілі еңбегімен ерекшеленетін, адал қызметті абыроймен атқарып, айналасына сыйлы бола білген мамандар болады. Сондай жанның бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті тыл басқармасының іс-жүргізушісі қызметкер Татьяна Шаповалова. Ол өзінің саналы ғұмырын әскери салаға арнаған, өмір жолын мақтанышпен баяндауға тұрарлық тұлға.



Татьяна Михайловна еңбек жолы 1992 жылы мектепті тәмамдап, ҚР Қарулы күштері Әуе күштерінің байланыс торабында телефоншы ретінде еңбекке араласты. Бұл алғашқы қадам оның өмір бойғы кәсіби жолының бастамасы еді. Сол жылы ол әскери қызметке шақырылып, нағыз жауынгерлік қызметтегі өмірі басталды.

1996 жылы болашақ өмірлік серігі - сол кездегі үшінші курс курстантымен отбасын құрды. Аталған шешім оның тағдырындағы жаңа бетбұрыс болды. 1997 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметіне ауысып, Үшарал қаласындағы 9807 әскери бөлімінде авиациялық эскадрилья қатарында қызмет етті. Жауапкершілігі зор әскери ортада тәжірибе жинақтап, кәсіби шеберлігін шындей түсті.

2004 жылдан бастап, отбасы жағдайына байланысты әртүрлі әскери бөлімдерде, соның ішінде 2534 әскери бөлімінде, түрлі қызметтерді абыроймен атқарды. Киім-кешек қызметі бастығының аға көмекшісі, кейін Зайсан қаласындағы 2017 әскери бөлімінде де көмекші қызметін атқарды. Ал 2018 жылы Шонжы шекара жасағында киім-кешек қызметінің бастығы қызметтерінде әскери тәртіп пен кәсіби талаптың жоғары үлгісін көрсетті.

2020 жылы құрылымдық өзгерістерге байланысты монша-кір жуу комбинаты бастығы қызметін атқарды. Бұл қызмет – шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ерекше жауапкершілікті талап

ететін лауазым. Осы кезеңде Татьяна Михайловна өзін іскер басшы, әділ жетекші ретінде көрсетті.

Өмір өз арнасымен ағары анық. Отбасылық жағдайға байланысты Алматы қаласындағы Қарасай шекаралық басқармасының Ақпараттық қауіпсіздік бөліміне ауысты. Мұнда кезекші ауысым жетекшісі болып қызмет атқарып, 2021 жылы зейнеткерлікке шықты.

Алайда еңбекке деген құлшыныс пен ұжымдық ортаға деген сүйіспеншілік зейнет демалысымен аяқталмады. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап Татьяна Михайловна Жетісу облысы бойынша департаментінде тыл басқармасы бөлімінде іс-жүргізуші ретінде қызмет атқарып келеді. Қазір де ол өзіне жүктелген міндеттерді аса жауапкершілікпен орындап, әріптестер арасында ерекше құрметке ие.

Оның өмір жолы – жас ұрпаққа үлгі, әскери қызметтің қадірін арттыратын еңбек жылнамасы. Әйел затына тән нәзіктік пен әскери қызметке лайықты қайсарлықты ұштастыра білген Татьяна Михайловна – үздік маман.

Татьяна Шаповалованың еңбек жолы – бұл адалдық пен табандылықтың айқын үлгісі. Кез келген міндетті жан-тәнімен атқару, ұжымды сыйлау, әріптестердің сенімін ақтау – оның өмірлік ұстанымына айналған. Осындай мамандар – еліміздің тыныштығы мен шекарасының беріктігін қамтамасыз етіп келе жатқан мызғымас тіректердің бірі.



**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

«ДОНОР БОЛ - ӨМІРДІ САҚТА!»

Дүниежүзілік донор күніне орай ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілері «Донор бол – өмірді сақта!» қайырымдылық акциясына қатысты.



Акцияның мақсаты – донорлықтың маңызына назар аударып, әлеуметтік жауапкершілік сезімін арттыру және қанға зәру жандардың өмірін сақтау.

Қан тапсыру рәсімінің алдында әрбір донор қан тобы мен гемоглобин деңгейін анықтап алдын ала зертханалық тексеруден өтті. Сондай-ақ, дәрігерлердің кеңесін алып, олардың денсаулығына кері әсерінің бар-жоғы түсіндіріліп қан тапсырушыларға дайындық ұсыныстары берілді.

Акцияға қатысушы майор Ұлан Ахат донор болу – бұл азаматтық борыш пен адамгершіліктің белгісі екенін атап өтті.



– Донорлық – бұл өзгеге жария қылмай жасайтын жақсылық. Сондықтан әрқайсымыз ризашылық күтпестен біреудің өмірін сақтап қалуға өз үлесімізді қоса аламыз. Бұл мейірімділік пен ынтымақтастықтың шынайы көрінісі», – деп түсіндірді офицер. Іс-шара аясында Ақтау қаласының облыстық қан орталығын-

да 35-тен астам әскери қызметші қан тапсырды. Акция барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай ұйымдасқан түрде өтті.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕК ИЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің тыныштығы мен тұрақтылығы – еліміздің егемендігі мен тұтастығының басты тірегі. Сол шептің шын мәніндегі қорғаны, ұзақ жылдар бойы тынымсыз қызмет атқарып келе жатқан адал жан – Бапаев Рахымбек.



Қарапайым жүргізуші қызметін атқарса да, оның атқаратын міндеттері өте күрделі және жауапты. Шекара қызметіндегі шаруашылық қамтамасыз ету саласы – күнделікті өмірді ұйымдастырудың негізі. Рахымбек аға күннің суығы мен жауын-шашынына қарамай, шекара бөлімшелеріне қажетті жүк жеткізіп, офицерлер мен келісімшарт негізінде қызмет ететін сарбаздардың тыныс-тіршілігіне тікелей ат салысып жүр. Ол шекарашылардың алғы шебіндегі тіршілігіне жанашырлықпен қарап, ешқашан өзіне тапсырылған жұмыстан бас тартқан емес.

Ұжымында өте сыйлы, әріптестері арасында беделі жоғары. Оны бәрі жауапкершілігі мол, сөзінде тұратын, еңбекқор азамат ретінде таниды. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, осындай азаматтар Шекара қызметінің іргетасын берік ұстап тұрған тұлғалар. Оның үлгісі – жас мамандар үшін үлкен тәрбие мектебі. Ешқашан атақ пен марапатты мақсат етпегенімен, жылдар бойғы ерен еңбегі мен адалдығы ескерусіз қалмады. Ол түрлі ведомстволық марапаттар мен алғыс хаттарға ие болған.

Бапаев Рахымбек – өз ісін шын жүрегімен сүйетін жан. Оның өмірлік ұстанымы – еңбек арқылы елге қызмет ету. Осындай азаматтардың арқасында Қазақстан шекарасы тыныш, еліміз аман. Ол – шекара шебінде жүрген мыңдаған маманның арасындағы нағыз еңбек майдангері, нағыз үлгі тұтар тұлға. Ел тыныштығы мен ұрпақ болашағы үшін жан аямай еңбек етіп келе жатқан осындай жандардың ерлікке бергісіз еңбегі – құрметке лайық.

Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ЕРЛІККЕ ТОЛЫ ЖОЛ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінде еңбек етіп жүрген қызметші, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімі бірінші инженерлік тобының жүргізушісі Данияр Шаяхметов – ерлік пен елдік ұғымын бойына сіңірген, өмір жолы өнеге болатын азамат.

Данияр Шаяхметов – атыс-шабыстың ортасында жүріп, от пен оқтың арасынан аман шыққан жауынгер. Ол Кеңес әскерінің қатарында 1980-жылдардың аяғында қызмет етіп, 1987 жылы Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасында орын алған қарулы қақтығыстарға қатысқан. Сол кездің қасіретті сәттерін жауынгер былай деп еске алады:

«Мен атыс-шабысқа қорықпай, тайсалмай шыға беретінмін. Ажал жетіп тұрса, оқ тимесе де өліп кетуім мүмкін. 1987 жылы Тәжікстан шекарасын дұшпандардан тазалауға көмектестік. Екі сағаттың ішінде 38 адам қаза тауып, 100-ге жуық адам жараланды. Қатты жараланған сарбаздарға: «өмір сүріп кетесің, әлі көретін жарығың алда» деп жұбатудан басқа шарамыз болмай қалатын сәттер көп болды», – дейді ол.

Сол кездердегі ауыр оқиғалар, жантүршігерлік сәттер Данияр Шаяхметовтің өмірлік көзқарасын қалыптастырды. Оның айтуынша, бұл жолға түсуіне мектеп қабырғасында өткен бір кездесу себеп болған екен:

«Мектепте оқып жүрген кезде Ауған соғысына қатысқан ардагермен кездесу болды. Сол сәттен бастап Ауғанстан жерін көрсем, барсам, өз тарапымнан қандай-да бір үлес қоссам деген ниет оянды. Сол арман мені әскери жолға алып келді», – дейді ардагер.

Қазіргі таңда Данияр Шаяхметов еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында адал еңбек етіп келеді. ШҚО бойынша департаментке қарасты шекара бөлімшелеріне жиі іссапарға шығып, жас сарбаздармен кездесіп, өмірлік тәжірибесімен бөліседі. Ол тек әскери міндетін атқарып қана қоймай, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге ерекше мән береді. Ал 2023 жылдың басынан бастап Шығыс Қазақстан облысында Ресей Фе-



дерациясымен шекара бойында жүргізіліп жатқан қорғаныс желілерін салуға үлес қосып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында адал қызметін жалғастыруда.

«Жас сарбаздармен жиі сұхбаттасып, көрген-білгенімді, көңілге түйгенімді жасырмай айтамын. Олар өз елінің нағыз қорғаны болуы үшін ішкі рухы мықты болуы керек. Мен сол рухты беруге тырысамын», – дейді ол.

Данияр Шаяхметов – бейбіт күннің батыры. Оның өмірі мен әскери қызмет жолы – отансүйгіштіктің, ерліктің, жанқиярлықтың нақты көрінісі. Мұндай азаматтардың еңбегі мен ерлігі әрқашан да құрметке лайық. Елі үшін ерен еңбек еткен ардагердің өнегелі өмір жолы – жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

ШЫҒЫС ПЕН БАТЫСТЫ ЖАЛҒАҒАН АЛТЫН КӨПІР

Тарихы тереңінен сыр шертетін Ұлы Жібек жолы — адамзат өркениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғажайып бағыт. Бұл жол — тек сауда керуенінің ізі емес, халықтардың мәдени, рухани және саяси байланыстарының негізі. Әлемнің Шығысынан Батысына дейін созылған бұл керуен жолы ғасырлар бойы түрлі мемлекеттер мен ұлттарды біріктіріп, олардың бейбіт келісімі мен өзара тиімді байланысын нығайтты.

Ұлы Жібек жолының бойында жатқан қазіргі Қазақстан — сол кезден-ақ аймақтық қана емес, халықаралық маңызы бар стратегиялық кеңістік болған. Әсіресе, Отырар, Сауран, Түркістан, Сығанақ, Тараз сынды қалалар ғылым, білім, дін, сауда, дипломатия орталықтарына айналды. Бұл қалаларда керуендер тоқтап, тауарлармен қатар, білім, өнер, дін мен дәстүрлер де алмасып отырды. Қытайдың жібегі, Үндістанның дәм-тұзы, Иран мен Араб елдерінің кітабы мен ғылымы қазақ даласы арқылы Еуропаға жетіп отырды.

Ал енді, тарихқа үңілсек, Жібек жолы заманында шекаралар табиғи түрде қалыптасқан: тау, өзен, шөл арқылы бөлінгенімен, халықтар арасында еркін қарым-қатынас болған. Бүгінде Қазақстанның халықаралық мойындалған мемлекеттік шекарасы бар. Шекара — тәуелсіздігіміздің айғағы, ел тыныштығының кепілі. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті 1999 жылы құрылып, сол уақыттан бері ел шекарасының қорғанысын қамтамасыз етіп келеді. Бұл құрылым — Ұлы Жібек



жолының тарихи жалғасы іспетті. Себебі шекара тек күзеттен ғана тұрмайды, сонымен қатар ол ел ішіндегі тыныштық пен тұрақтылықтың кепілі. Департаменттің жеке құрамы күннің аптап ыстығына, қыстың аязына қарамастан, шекара бойында қырағылықпен қызмет атқаруда. Бүгінгі таңда Қазақстан Ұлы Жібек жолының тарихи мұрасын жаңғыртып, «Жаңа Жібек жолы» бастамасына белсенді қатысуда. «Нұрлы жол» мен Қытайдың «Бір белдеу — бір жол» жобасы елдің транзиттік әлеуетін арттырып, Еуразия құрлығындағы маңызды экономикалық көпірге айналды.

Ұлы Жібек жолы — тарихтың тек бір беті емес, бүгінгі күн мен болашақты жалғаушы рухани көпір. Қазақстан — сол алтын көпірдің алтын қақпасы. Қазақ даласының төрінде орын тепкен Қызылорда мен Сыр елі — осы ұлы жолдың киелі күесі. Бұл жол — ұлт рухының, ел бірлігінің және бейбітшіліктің символы.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Суреттер
ғаламтордан.**

А ЗНАЕТЕ ЛИ ВЫ?

САКРАЛЬНЫЕ МЕСТА СЕВЕРА


Северный Казахстан — это не только живописные пейзажи и богатые природные ресурсы, но и территория, насыщенная историей и культурой. Здесь, среди бескрайних степей и величественных гор, расположены сакральные места, которые являются важными символами духовного наследия нашего народа. На просторах Тургайского плато, в долине, которую называют Тургайским прогибом или Тургайской ложбиной, находятся загадочные геоглифы. Только 12 стран по всему миру могут похвастаться наличием геоглифов и с 2007 года Казахстан входит в их число.

Необычная долина представляет собой впадину эрозионно-тектонического происхождения, протянувшуюся на несколько сотен километров. Всемирную известность эта местность приобрела в 2007 году, когда костанайский археолог-любитель Дмитрий Дей, изучая спутниковые фотографии в программе Google Earth заметил в Тургайской ложбине геоглифы. Открытие исследователя привлекло внимание мировых светил и стало, пожалуй, одним из самых сенсационных в истории Казахстана.

Сейчас на территории Тургайского прогиба зафиксировано 344 геоглифа, некоторые из которых были детально исследованы. Большая часть из них — геометрические фигуры в виде крестов, квадратов, линий и колец, составленных из отдельных округлых насыпей, диаметром от 6 до 12 метров. На сегодняшний день научно было определено примерное время сооружения двух из них — это IX-VIII века до нашей эры (ранний железный век — начало I тысячелетия до н.э.).



Уштогайский квадрат



Екедынский крест



Бестамское кольцо



Тургайская свастика

Исследователь Дмитрий Дей и проект Turgay Discovery установили, что строительство геоглифов в Тургайском прогибе было начато именно в эпоху неолита (9-7 тысяч лет назад), когда первые люди начали расселяться по Тургайской долине.

Многолетние исследования вывели три основные версии происхождения геоглифов в Тургайском прогибе.

Первая версия была выдвинута учеными из Вильнюсского университета. Она гласит, что геоглифы были приграничными знаками, они предупреждали о том, что земли заняты определенными племенами.

Вторую выдвинули ученые университета и археологической лаборатории при Костанайском государственном университете. Они утверждают, что геоглифы могли быть культовыми сооружениями или святилищами.

Третья версия сформировалась в рамках проекта Turgay Discovery, по этой гипотезе геоглифы служили при горизонтными солнечными обсерваториями или солнечными календарями на первом этапе возведения. Например, если встать в центре геоглифа 21

июня, солнце взойдет согласно одному лучу, попадет в зенит на втором и уйдет за горизонт по третьему. В итоге археологи выдвинули гипотезу, что комплекс геоглифов мог служить для наблюдения за движением Солнца, как перуанские башни Чанкильо или всемирно известный Стоунхендж.

Примечательно, что Тургайская ложбина уже была в центре внимания научного сообщества на заре XX века, когда палеонтолог Алексей Борисяк в 1915 году обнаружил в Тургайской ложбине останки гигантского животного, которое позже получило название индрикотерия в честь мифологического чудовища индрика. Длина его составляла 7,4-8 метров, рост доходил до шести метров, а весил этот гигант от 15 до 20 тонн.

Таким образом, северный Казахстан хранит в себе множество сакральных мест, включая Тургайскую ложбину, которые могут заинтересовать как туристов, так и исследователей, желающих глубже понять культуру и уникальную историю нашей Родины.

**Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР». Фото из
открытых источников.**

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodina@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Мұханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдоң Киргизбаев
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садыкова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Әмірбат Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Куанышев
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: О.Жақсылықов, А.Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзеті
2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы — 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

ШЕКАРА ҚАУІПСІЗДІГІН ПЫСЫҚТАҒАН БАСҚОСУ

2025 жылғы маусым айында Шымкент қаласындағы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің залында «Қазақстанның оңтүстік шекараларының қауіпсіздігі: қорғаныс пен дамудың 25 жылы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Бұл алқалы жиынға ғылым өкілдері, мемлекеттік құрылымдар, қорғаныс саласының мамандары және жоғары оқу орындарының қызметкерлері қатысты.



Конференцияны университет ректоры ашып, Шымкент қаласының шекаралық мегаполис ретіндегі стратегиялық маңызын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде осы университеттің түлектері еліміздің шекарасында абыроймен қызмет атқарып жүр. Конференцияда шекара қызметінің өкілдері, тарихшылар, оқытушылар мен Өзбекстаннан онлайн форматта қосылған қонақтар баяндама жасады. Жиында ҚР ҰҚК Шекара қызметі оңтүстік шекараларының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы және даму перспективалары кеңінен сөз болды. 1999 жылдан басталған күрделі жол – заманауи технологиялар, халықаралық тәжірибе және кәсіби кадрларды даярлау арқылы бүгінгі биігіне жетті. Өзбекстан Республикасымен мемлекеттік шекараны күзетуде заманауи техникаларды қолдану мен дамуын және мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды.

Басты спикерлер қатарында ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті

бастығының орынбасары полковник Руслан Кабиров, полковник Ерхат Рафиков, отставкадағы подполковник Сапарғали Түймебеков, Өзбекстан Республикасының өкілдері онлайн форматта болды. Бұл баяндамалар студенттер - болашақ офицерлер мен қауіпсіздік мамандары үшін аса құнды тәжірибе болды.

Қорытынды сөзде атап өтілгендей: шекараны қорғау – жай ғана қызмет емес, бұл білімділік пен тәртіпті, отанға адалдықты талап ететін қасиетті борыш. Конференция салтанатты фотосессиямен қорытындыланып, буындар сабақтастығы мен Отанға қызмет етудің символына айналды.

Майор Р. АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР».
 Суреттерді түсірген автор.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

АНАНЫҢ МЕЙІРІМІ – ШЕКАРАДАҒЫ СЕНІМ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті шекара шептеріндегі сарбаздардың рухани ахуалы мен әлеуметтік жағдайына тұрақты түрде көңіл бөліп келеді. Осы бағыттағы маңызды серіктестердің бірі — «Сарбаз аналарының кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігі. Аталған ұйымның «Аналар жүрегі» қозғалысы аясында ел тыныштығын күзеткен сарбаздарға рухани демеу көрсетіліп жүр. Осы ізгілікті істің алдыңғы қатарында жүрген жан – ұйым төрағасының орынбасары Шарифа Ахметжанқызы Муминова.



2022 жылы ұйым қатарына қосылған Шарифа Ахметжанқызы аз уақыттың ішінде сарбаздарға жанашыр ананың ғана емес, рухани ұстаздың да бейнесінде танылды. Қазіргі таңда ол «Сарбаз аналарының кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Аналар жүрегі» қозғалысы бағытында еліміздің түкпір-түкпіріндегі шекаралық аймақтарда белсенді қызмет атқаруда.

Шарифа Ахметжанқызы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің шекара бөлімшелеріне арнайы сапармен барып, мерзімді әскери

қызметтегі сарбаздармен кездесулер өткізіп келеді. Ол әр кездесуде жас жауынгерлермен ашық әңгіме құрып, олардың ішкі жан-дүниесін тыңдап, жүрекке жылы тиетін сөздермен рухани қолдау көрсетеді. Бұл кездесулер – жай ғана пікір алмасу емес, аналық мейіріммен суарылған шынайы сырласу мен сенімге толы жүздесу.

– Сарбаз – тек әскери міндет атқарып жүрген жас емес, ол – бір отбасының үміті, болашақтың тірегі. Оларға тек бұйрық емес,

жылылық та керек. Біз «Аналар жүрегі» арқылы сол жылылықты жеткізуге тырысамыз. Әрқайсысының көзінде сағыныш, бірақ сонымен бірге мақтаныш та бар. Бұл – бізге үлкен жауапкершілік, – дейді Шарифа Ахметжанқызы.

Кездесу барысында ол сарбаздардың өмір сүру жағдайларымен, ішкі көңіл-күйімен, тәрбиесімен танысып, әскери ортада олардың бойындағы патриоттық рухты арттырудың маңыздылығына тоқталды. Қарапайым ғана жылы сөз – кейде сарбазға мың сөзден артық.

Шекара қызметінің офицерлері мен командирлері бұл кездесулердің тәрбиелік мәні зор екенін айтып, комитет өкілінің бастамасына ризашылық білдіруде. Себебі сарбаз үшін рухани қолдаудың орны бөлек – ол қызметтегі сенімділік пен шыдамдылықтың тірегі.

Шарифа Ахметжанқызының бастамасымен «Сарбаз аналарының кеңесі» сарбаздардың ата-аналарымен де байланыс орнатып, әскери борыш өтеу барысында туындайтын мәселелерге шынайы көңіл бөліп келеді.

Бұл – азаматтық қоғам мен әскери құрылымдар арасындағы сенім көпірі.

«Аналар жүрегі» қозғалысының бұл қызметі – Отан үшін қызмет етіп жүрген ұландарға деген аналар махаббатының жарқын көрінісі. Бұл – аналық жүректің үнімен, елдің тыныштығын қорғап тұрған сарбаздарға деген алғыстың бейнесі.

Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.